

егемен

Қазықаспан

## Қазақстан төрағалығына қызығушылық зор

ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев Лондон қаласына келді. Ол мұнда Ауғанстан мәселелеріне арналған Сыртқы істер министрлерінің конференциясына қатысады.

Қанат Саудабаевтың Лондондағы сапары да қауырт жұмыстармен басталды. Алдымен ол халықаралық қатынастардың “Чатем хаус” атты корольдік институтында кездесу өткізіп, жиналғандар алдында сөз сөйледі. Ондағы сөзін Қанат Бекмырзаұлы ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекетінің бәрі бірауыздан Қазақстанды төраға етіп сайлағанының өзі біздің елдің тәуелсіздік алған жылдары жеткен табыстарына берген үлкен баға екенін айтудан бастады. Төрағалыққа сайлануымен Қазақстан Ұйым жұмысына жаңа леп пен үміттер әкелетін болады. Мұның өзі Ұйымның қауіпсіздік пен кикілжіндердің алдын алу істерінде маңызы зор болары сөзсіз, деді Қ.Саудабаев. Одан әрі қазақстандық министр Президент Н.Назарбаевтың Үндеуінде жарияланған төрт “Т-дан” басталатын мақсаттардың маңызын түсіндіріп берді және төрағалықтың Қазақстан халқы үшін де маңыздылығын, ол отандық патриотизм мен қоғамның демократиялық дамуға деген ұмтылысын оята түскенін жеткізді. Қазіргі қоғамымыздың еуропалық жолмен дамуын мақсат еткен “Еуропаға жол” мемлекеттік бағдарламасы да үстіміздегі жылдан бастап іске асырыла бастайды.

Созылып кеткен кикілжіндерге тоқталған Қанат Бекмырзаұлы 2008 жылғы Ресей мен Грузия арасындағы қақтығыс олармен қатты айналысып, реттеуге ұмтылмаудың қиын жағдайларға жеткізетінін көрсетіп берді. Сондықтан Қазақстандық төрағалық ЕҚЫҰ шеңберінде осыларды реттеуге бағытталған келіссөздер үдерістерін жүргізуге қазірден бастап әзір, деді. Осыған байланысты Іс басындағы төраға созылып кеткен кикілжіндермен айналысатын арнаулы өкілдермен болатын жұмыстардың тиімділігін жіті қадағалайтынын айтты.

Ал ЕҚЫҰ-ның себеттеріне тоқталғанда Қанат Саудабаев алдымен оның әскери-саяси жағын ауызға алып, “Корфу үдерісінің” одан әрі жалғастырылып, Еуропадағы кәдімгі қару-жарақты шектеу жөніндегі келісімнің жаңа түрі де күшіне енер деген үмітте екенімізді білдірді. Қазақстанның БҰҰ-ның 1540-шы қарарының іске асырылып, жаһандық ядролық қарусыздану жолын қолдайтынын жеткізді. Одан әрі Ауғанстан қауіпсіздігінің маңыздылығы туралы айтты. Осыған орай ауғанстандық студенттерді оқытып, бейбіт мамандар дайындауға Қазақстанның 50 млн. доллар бөлгенін және ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету барысында да осы тәріздес жобаларды қолдауға Ұйым тарапынан қаражат бөлдіруге тырысатынын жариялады.

Ұйымның экономикалық-экологиялық себетіне байланысты айтқан сөздерінде Іс басындағы төраға трансконтиненталдық транзит пен көлік дәліздерін дамытудың қажеттілігін атап берді. Мұның өзі жаһандық қаржы-

экономикалық дағдарысты еңсеруге және ЕҚЫҰ елдері арасындағы даму деңгейін бірізділікке әкелер еді, деді ол. Экологиялық қауіпсіздікке тоқталғанда Қанат Саудабаев Арал теңізі проблемасын айта келіп, ол Орталық Азия елдері үшін ғана емес, барша Еуропа елдеріне де қатысты экологиялық апат екенін атап көрсетті. Сондықтан ЕҚЫҰ шеңберінде осы аймақтағы экологиялық қауіпке қарсы мониторингтің кешенді жүйесін жасаған абзал.

Ұйымның тағы да бір маңызды себеті – адамгершілік өлшемі туралы айтқанда Қ.Саудабаев адамның жеке басының қауіпсіздігі үнемі Ұйымның назарында болуын қалайтынын жеткізді. Осыған орай Қазақстан төрағалығы тарапынан ДИАҚБ, Жоғарғы комиссардың офисі сияқты Ұйым институттарының әрқашанда қолдау табатынын білдірді. Сонымен бірге, өркениеттің жоғары деңгейіне жетіп отырған Еуропаның өзінде ұлтаралық және конфессияаралық кикілжіңдердің болып қалатынына қынжылыс білдіре келіп, бұл істегі Қазақстанның жетістігін ауызға алды және осы жылдың 29-30 маусымында Астана қаласында өтетін осы тақырыпқа арналған конференцияның маңыздылығын атап өтті.

Сөзінің соңында Қанат Саудабаев Қазақстан төрағалығының жалпы адамзат үшін тиімді болмағын қалайтынын және сол үшін барлық мүмкіншіліктер де пайдаланылатынын айта келіп, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен көтерілген ЕҚЫҰ-ның саммиті солардың бірі болатынын мәлім етті. Біз онда Ұйым жұмысына пайдалы өзгерістер жасалуын қалаймыз, мүмкін онда құрылымдар мен институттардың бүгіннен де тиімді жұмыс істеуі үшін ЕҚЫҰ-ны реформалауға келісетін болармыз, деді ол.

Кеше Қанат Саудабаев Ауғанстан проблемасына арналған Сыртқы істер министрлерінің Лондон конференциясына қатысты және осы жиынға келген өзінің басқа әріптестерімен ондаған екіжақты кездесулер өткізді. Олардың қатарында Әзірбайжан, Армения, Грузия, Канада, Украина, Люксембург, Финляндия, Ресей, Ауғанстан, Түркия және т.б. елдердің министрлері болды.

Ж. Самрат